



ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta_eltilegi@mail.ru

№20 (928) Сәрсенбі 21 мамыр 2025 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>



«ҚАУІПСІЗ ЖОЛ» ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ІС-ШАРАСЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

Қызылорда облысында жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында «Қауіпсіз жол» профилактикалық іс-шарасы өтті. Шара барысында жол қозғалысы ережелерін бұзудың алдын алу, жаяу жүргіншілер мен жүргізушілердің тәртібін бақылау кең көлемде жүргізілді.

Іс-шара қорытындысын Қызылорда облысы полиция департаментінің жергілікті полиция қызметі басқармасы бастығының орынбасары Мұратбек Манатов баяндады. Бұл шара жол-көлік оқиғаларының алдын алу және азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы жүйелі жұмыстың бір бөлігі.

- Іс шара барысында мектептерде және білім ұйымдарында 300-ге жуық жол ережесі бойынша семинарлар өткізілді. Сонымен қатар, «Қарабұтақ-Қызылорда-Шымкент» автожолында кемпингтерде және демалыс орындарында жүргізушілерге түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, жадынамалар таратылды. Осы автожолдың бойында жергілікті атқарушы

органдарды қатыстыра отырып, екі мәрте жолда қабылдау акциясы өткізілді. Іс-шара барысында Қызылорда облысының Полиция департаментінің 352 қызметкері, 134 автопатрульдеу бағытында патрульдік полициясының -212, учаскелік полиция 122 және қалалық, аудандық бөліністерінің басқа салаларынан 18 қызметкер жұмылдырылса, басқа қызмет салаларынан 23 қызметкер жұмылдырылды. Іс-шараның 30 күнінде жол қозғалысы қауіпсіздігі бойынша 10 975 құқық бұзушылық анықталды. Сонымен қатар, 1281 автокөлік айып тұрағына қойылып, 377 автокөліктің қозғалысын шектеу мақсатында мемлекеттік тіркеу белгілері алынды, - деді Мұратбек Мейрамбекұлы.

«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТІ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды.
Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2025 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне
жеке жазылушылар
үшін индекс 65007

6 айға – 2800 теңге;

БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН
ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН
ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар: 8(7242) 27-85-75; 8-7059827661, 8 777 752 54 63.

ХАЛЫҚ АЛДЫНДА ЕСЕП БЕРІЛДІ

Қызылорда облысы Полиция департаментінің бастығы полиция полковнигі Ергешов Серік Жүрсінбайұлы облыс тұрғындары алдында есептік кездесу өткізді. Дәстүрлі есеп беру жиынында облыстың Бас полицейі ең өзекті жұмыс процестері туралы баяндама жасады, сондай – ақ өңір тұрғындарының барлық сұрақтарна жауап берді.

Есептік кездесу облыс орталығындағы Достық үйінде өтті. Халыққа есеп беру шарасы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Орталық атқарушы органдар басшыларының халықпен кездесулерін өткізу туралы» жарлығын іске асыру барысында қазақстандық қоғамды одан әрі демократияландыру, халықтың елде жүргізіліп жатқан реформалар туралы хабардар болуын арттыру, атқарушы органдардың халық алдындағы жауаптылығы мен есептілігін күшейту, мемлекеттік басқару процесіне халықты кеңінен тарту мақсатында өтті.

Есептік кездесудің өтуі жөнінде әлеуметтік желілерде және жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында алдын ала арнайы хабарландыру жарияланып, облыс тұрғындары өз сауалдарын әлеуметтік желілер арқылы жолдауларына мүмкіндік алды. Есеп беруді бастама бұрын Департамент бастығы қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде белсенділік танытқан облыс тұрғындарын марапаттап, алғысын білдірді.

Сонан соң Департамент бастығы өз сөзін жыл басынан атқарылған шараларды қорытындылаудан бастады. Есептік кездесуге келген облыс тұрғындарының назарына

есепті мерзімде атқарылған жұмыстар қамтылған бейнеролик пен слайдтар ұсынылды. «Қылмысқа қарсы күрес және құқық тәртібін қамтамасыз ету ісінде оң көрсеткіштерге қол жеткіздік. Облыс көлемінде тіркелген құқық бұзушылықтар саны 4%-ға, қылмыстар 11%-ға төмендеді. Жалпы облысымызда қылмыстылық деңгейінің оң динамикасы байқалады, мысалға, соңғы 5 жылда қылмыстар саны 25 пайызға азайған» – деді департамент бастығы.

Тұрғындармен кездесу барысында департамент басшысы қоғаммен өзара байланыс орнату, полиция қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету жөнінде сөз қозғады. Сонымен қатар, Серік Жүрсінбайұлы ұрлық, есірткі қылмысы, жол қауіпсіздігіне де аса көңіл бөліп, алдын алу шараларына тоқталып өтті.

«Есірткі айналымы үшін қылмыстық жауапкершілік 16 жастан басталады. Есірткімен бір рет байланыс орнатудың өзі жасөспірімнің өмірін, болашағын бұзуы мүмкін. Бұл – ойын емес, бұл заңмен қудаланатын ауыр қылмыс. Есірткімен күресте біз тек жазалаушы емес, қорғаушы күш болуға тырысудамыз. Бірақ бұл күресте әр отбасының, әр мектептің, әр азаматтың үлесі

қажет» – деді С.Ергешов.

Келесі өзекті мәселенің бірі – жол көлік оқиғалары. Себебі жолдағы әрбір ереже бұзушылық – адам өміріне тікелей қауіп. Департамент тарапынан облыс жолдарында жол-көлік оқиғаларының алдын алу, жолдағы қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру және азаматтардың жауапкершілігін арттыру мақсатында кешенді жұмыстар атқарылуда. 2025 жылдың бірінші тоқсанында 233 оқиға тіркеліп, олардың салдарынан 17 адам көз жұмса, 307 адам жарақат алды. Бұл – жәй ғана сан емес, бұл жазықсыз жанның өмірі, орны толмас қайғы. Талдау көрсеткендей анықталған жолда жүру ережесін бұзудың 46 пайызы жол апатына тікелей әсер ететін өрескел құқық бұзушылықтар. Жол-көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында күнделікті талдаумен осал жерлер нарып-тығыздалды. Тұрақты және үздіксіз жедел-профилактикалық іс-шаралар ұйымдастырылып, жүргізілуде.

Қазіргі таңда цифрландыру процесінің жедел қарқыны қоғам өмірінің барлық саласына еніп, азаматтардың интернеттегі белсенділігі артуда. Ол өз кезегінде интернет желісіндегі құқық бұзушылықтарды, оның ішінде интернет-алаяқтықтың кең таралуына себеп болды. Департаментте азаматтарды киберқылмыстан қорғауға бағытталған Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл басқармасы жасақталған. Одан бөлек

интернет-алаяқтыққа қатысы бар тұлғаларды анықтауға мүмкіндігі бар аппараттық-бағдарламалар іске қосылған («Kazdream Special Systems» IT-компаниясы). Аталған бағдарламалардың көмегімен 49 қылмыс ашылды, 30 алаяқ құрықталса, 2 киберқылмыстық топ пен 3 дроповод ұсталды. Жалпы 36 қылмыскер құрықталып, хабар-ошарсыз кеткен 191 тұлға табылды.

«Интернет-алаяқтыққа қарсы күрес кешенді әрекетті талап ететін жұмыс. Киберқылмыстың алдын алу – бұл тек полицияның ғана емес, бүкіл қоғамның жауапты ісі. Себебі бұл қылмыс қоғамның жалпы қауіпсіздігіне тікелей қауіп төндіруде. Ал, полиция органдары азаматтардың құқықтық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін профилактикалық, ақпараттық және ұйымдастырушылық шараларын жалғастырады» деді Департамент бастығы.

Департамент басшысы есептік кездесуді халықтың ұсыныс – пікірін, өтініш – тілегін тыңдаумен жалғайды. Халықпен кері байланысты тиімді орнатуға бағытталған шара барысында ниет білдірген әр азамат өзін қызықтырған сауалын қойып, Департамент бастығынан тиянақты жауап ала алды. Түрлі мазмұнда сұрақтар қойылып, пікірлер мен ұсыныстар түсті. Тұрғындардың талап – тілегін мұқият тыңдаған Серік Ергешов әр мәселенің назардан тыс қалмай, уақтылы шешімін табатындығын айтты. Арнайы құрылған топқа тапсырма берді.



10 МЫҢ БАЛА ТЕГІН ДЕМАЛАДЫ

Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру мақсатында республикалық және өңірлік штабтар құрылды. Бұл туралы Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев мәлім етті.

- Балалардың жазғы демалысы жұмыстары 9 мемлекеттік органның бірлескен жоспары аясында ұйымдастырылады. Осы мақсатта республикалық және өңірлік штабтар құрылды. Каникул кезінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және еңбекпен қамтылуын ұйымдастыру бойынша бірыңғай әдістемелік ұсынымдар әзірленді, - деді Ғани Бейсембаев Үкімет отырысында.

Министрдің мәлімдеуінше, бүгінде өңірлермен бірлесіп барлық демалыс орталығының тізімі әзірленді және олардың дайындығы республикалық штабтың отырыстарында қаралды.

- Санитариялық нормалардың, тамақ қауіпсіздігі талаптарының, сондай-ақ суда, орманды жерлерде және спорт объектілерінде қауіпсіздік ережелерін сақтау бойынша бақылау күшейтілді. «Қазақстан халқына» қорының қолдауымен «Жаздық жолдама» жобасы шеңберінде 10 мың бала тегін демалуға мүмкіндік алады. Олардың ішінде – халықтың әлеуметтік осал топтарынан және ауылдық жерлердегі көп балалы отбасылардан шыққан балаларға басымдық беріледі, - дейді ведомство басшысы.

МАРАФОН ӨТТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялаған болатын. Осыған орай, бүгін облыстық дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының ұйымдастыруымен Қызылорда қаласында білім саласы қызметкерлері сондай-ақ, қарапайым

жұмысшылар арасында жүгіруден марафон өтті. Бұл марафонның негізгі мақсаты – өңірде бұқаралық спортпен шұғылданушылардың санын арттырып, қарапайым еңбек адамдарының спортқа қызығушылығын арттыру. Аталған жарысқа барлығы 170-ке жуық адам қатысты. Жүйріктер жарысы

шаһардың сол жағалауында ұйымдастырылып, қатысушылар 5 шақырымдық қашықтықты бағындырды. Мәре сызығын алғаш болып кесіп өткендерге арнайы алғыс хат пен медальдар табысталды.

«Ел тілегі» ақпарат





ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ 100 ПӘТЕРЛІК ТҮРҒЫН ҮЙ САЛЫНАДЫ

Қызылордада облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен «Қазақстан Республикасында тәуелсіз мейіргерлік қызметтің озық тәжірибелерін енгізу» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Оған Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Қазақстандағы сақтандыру кеңсесі басшысы Скендер Сыла, онлайн режимде Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы Еуропалық аймақтық бюросының директоры Ханс Клюге, Германия, Қырғызстан, Латвия, Өзбекстан, Ресей, Түркия, Финляндия мемлекеттерінің өкілдері, ғалымдар, барлық өңірдің денсаулық сақтау басқармасының басшылары, дәрігерлер, мейіргерлер, медициналық оқу орындары мен клиника басшылары қатысты.

Конференцияда аймақ басшысы денсаулық сақтау саласының қызметкерлеріне арналып 100 пәтерлік жана тұрғын үй салынатынын айтты.

«Өңірде медицина қызметкерлерін шетелде оқыту үрдісі 5 жылдан соң қайта жаңғыртылып, қолға алынды. Саланы білікті кадрлармен қамтамасыз ету де басты назарымызда. Былтыр жергілікті бюджет қаражаты есебінен мамандар біліктілігін арттыруға 144 млн теңге бөлінді. Облыстың медициналық ұйымдарының 30 дәрігері хирургия, эндоскопия, неврология, кардиохирургия, неонаталды хирургия, балалар ортопедиясы бойынша Түркия, Ресей, Беларусь Республикаларының жетекші клиникалық-академиялық базаларында білім жетілдірді. Колледж оқығушыларының өзге елдерде тағылымдамадан өтіп, жастардың да тәжірибе алмасуы ертенгі күні өз жемісін береді. Аймақта медицина мамандарын даярлауға, біліктілігін арттыруға әрқез қолдау көрсете береміз. Бүгінгі жас маман – ертен адам өмірі мен

денсаулығының сақшысы.

Өңірге аса қажетті медицина мамандықтары бойынша 176 резидент облыс әкімінің грантымен білім алуда. «Жалпы тәжірибелі дәрігер» мамандығы бойынша маман даярлауға облыс әкімінің 177 білім беру гранты бөлінді. Халықаралық байланыстың артуы болашақ тәжірибелі мамандар даярлауға зор үлес қосуда.

Жалпы әлеуметтік сала қызметкерлерінің тұрмысына баса назар аударып, материалдық қолдауды тұрақты көрсетіп келеміз. Өткен жылы мәдениет саласының қызметкерлеріне алғаш рет көпқабатты тұрғын үй салынып, 40 жаңа қызметтік пәтер табысталды. Бүгінгі халықаралық маңызды шарада денсаулық сақтау саласының қызметкерлеріне де 100 пәтерлік жаңа тұрғын үй салу жөнінде шешім қабылдадық. Жықын арада құрылысы басталып, жыл соңына дейін табысталады», – деді Н.Нәлібаев.

Айта кетейік, соңғы екі жылда облыстың барлық елді мекеніндегі денсаулық сақтау мекемелеріне

225 жаңа санитарлық автокөлік табысталды. Халық сұранысына сәйкес 45 жедел жәрдем көлігі алынып, облыстық медициналық жедел жәрдем стансасы 100 пайыз қамтамасыз етілді. Осылайша санитарлық автокөлікпен қамту мәселесі толық шешімін тапты. Аймақтың медицина саласын өркендетуге бюджеттен тыс ресурстар да тартылуда. «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры соңғы екі жылда өңірдің денсаулық сақтау саласына 4 млрд. теңге қаржы бағыттады. Бұл қаржыға облыстық балалар ауруханасы базасында «Қамқорлық» орталығы ашылып, қажетті дәрі-дәрмек алынды. Қор облыстық онкология орталығын құны 1 млрд. 100 млн. теңге тұратын скрининг жүргізуге арналған жылжымалы медициналық кешенмен қамтамасыз етті. Мұндай кешен республиканың 3 өңірінде ғана бар. Қазір шалғай елді мекендердегі тұрғындарға тұрақты қызмет етуде. Атқарылған жұмыстар нәтижесіз емес, өмір сүрудің орташа ұзақтығы облысымызда 74,5-тен 75,2 жасқа артты.

МАРХАБАТ ЖАЙЫМБЕТОВ «ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ» АТАНДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Парламент Мәжілісінің депутаты Мархабат Жайымбетовты 60 жасқа толуына орай құттықтады. Басқосуға Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенев, Мұрат Ергешбаев, бірқатар сала басшылары мен зиялы қауым өкілдері қатысты.

Аймақ басшысы мерейтой иесінің еңбек жолына тоқталып, Сыр елінің дамуына өлшеусіз үлес қосқанын айтып, алғысын білдірді.

«Киелі Сыр бойы – өзінің адальдығымен, парасатымен ел құрметіне бөленіп, алғысын алған қабырғалы қайраткерлер мен текті тұлғаларға бай мекен. Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Адал еңбек етіп, адал табыс тапқан адам жетістікке жетеді, құрметке ие болады. Нағыз еңбек адамы бұл – істің адамы, яғни әрісіне, әр қадамына жауапкершілікпен қарайтын адал азамат. Әділетті Қазақстан және Адал азамат ұғымдары егіз құндылық ретінде әрдайым қатар тұруға тиіс», – деген болатын. Біз саналы ғұмырын аймағымыздың әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани дамуына арнаған, елдің қошеметіне бөленген өздеріңіздей азаматтарды ардақтап, лайықты құрмет көрсетуді дәстүрге айналдырық. Парламент Мәжілісінің депутаты, «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері, жерлесіміз Жайымбетов Мархабат Жайымбетұлы еңбек жолын жұмысшы маман ретінде бастаған. Президентіміздің 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялауына орай, еңбек жолын қарапайым электрик болып бастап, Мәжіліс депутатына дейінгі сан түрлі



қызметті абыроймен атқарған, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосқан мерейтой иесіне арнайы құрмет көрсетуге жиналды. Сізді жерлестеріміздің, өзімнің атыман мерейлі жасыңызбен шын жүректен құттықтаймын! Ақыл-парасат, даналық пен даралық секілді төл өнегеніз ұрпаққа үлгі, ұлтқа ұлағат бола беруіне тілектеспін», – деді Н.Нәлібаев.

Кездесуде Ақмарал Әлназарова, Наурызбай Байқадамов, Мұрат Әбенев құттықтау лебіздерін жеткізді. Сонымен қатар, Қызылорда облысының құрметті азаматы Жарылқасын Шәріпов мерейтой иесінің елеулі еңбегіне тоқталды. Мемлекет мүддесі, аймақ игілігі, халық мұраты жолында табысты еңбек еткен Мархабат Жайымбетовке «Қызылорда облысының құрметті азаматы» атағы беріліп, халқымыздың игі дәстүріне сай Сыр жұртшылығы атынан сыйқұрмет көрсетілді.

Мархабат Жайымбетов мемлекеттік қызметтің барлық сатысынан өткен. Қай қызметте де өзін білікті басшы, мықты

ұйымдастырушы, жанашыр азамат ретінде танытып келеді. Қызылорда қаласының, Арал ауданының әкімі, облыс бойынша төтенше жағдайлар департаментінің бастығы, екі рет облыс әкімінің орынбасары шын жүректен құттықтаймын! Ақыл-парасат, даналық пен даралық секілді төл өнегеніз ұрпаққа үлгі, ұлтқа ұлағат бола беруіне тілектеспін», – деді Н.Нәлібаев.

Кездесуде Ақмарал Әлназарова, Наурызбай Байқадамов, Мұрат Әбенев құттықтау лебіздерін жеткізді. Сонымен қатар, Қызылорда облысының құрметті азаматы Жарылқасын Шәріпов мерейтой иесінің елеулі еңбегіне тоқталды. Мемлекет мүддесі, аймақ игілігі, халық мұраты жолында табысты еңбек еткен Мархабат Жайымбетовке «Қызылорда облысының құрметті азаматы» атағы беріліп, халқымыздың игі дәстүріне сай Сыр жұртшылығы атынан сыйқұрмет көрсетілді.

Мархабат Жайымбетов мемлекеттік қызметтің барлық сатысынан өткен. Қай қызметте де өзін білікті басшы, мықты



ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен оқу жылының аяқталуы, каникул кезінде оқушылардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және еңбекпен қамтылуын ұйымдастыру мәселелері талқыланған Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібіндегі мәселелерге қатысты бірқатар тапсырма жүктелді. Басқосуға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режимде қатысты.

Өңірімізде оқу жылының аяқталуы, жазғы каникул кезінде балалардың сауықтыру демалысын ұйымдастырудың арнайы кешенді жоспары бекітілген. Соған сәйкес тиісті ұйымдастыру-дайындық жұмыстары жүргізілуде. Биылғы оқу жылын 339 мектепте (300 мемлекеттік, 39 жекеменшік) 184 924 оқушы аяқтайды, 172 116 оқушыны жазғы демалыспен қамту жоспарлануда.

Аймақта қала сыртында орналасқан 8 лагерьде, орталықтарда

7 ауысымда 7 мыңнан астам бала демалыспен қамтылады. Бүгінде лагерьлерде ағымдағы жөндеу жұмыстары толық аяқталып, материалдық-техникалық жабдыктары жаңартылды. Бұдан бөлек, «Қазақстан халқына» қорының демеушілігімен 766 оқушы тұрақталады, Ақмола облыстарында, 4 583 оқушы демеушілер мен кәсіподақтар есебінен Алматы, Түркістан облыстары мен Шымкент қаласындағы сауықтыру лагерьлерінде тынығады.

ЖАС АҚЫНДАР МҮШӘЙРАСЫ ӨТТІ

«AMANAT» партиясының Қызылорда қалалық филиалының «Сәулет» бастауыш партия ұйымында «Ұлттық мұра» партиялық жоба аясында Қызылорда қаласының астана болғанына 100 жыл толуына орай «Қазақ рухының-қазыналы ордасы» тақырыбында жас ақындар мүшәйрасы ұйымдастырылды.

Жыр додасына Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Сырдария, Шиелі аудандарымен Қызылорда қаласындағы Абылайхан атындағы №140 қазақ орта мектебінің, Ж. Махамбетов атындағы №43 орта мектебінің, Е.Әуелбеков атындағы №4 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының оқушылары қатысты. Олар «Әдепті елдің баласы алыстан сәлем береді», «Қазақ рухының-қазыналы ордасы», «Жаныма жақын жырларым» атты үш кезек бойынша өз жүрегінен шыққан өлеңдерін жатқа оқыды.

Мүшәйраға «AMANAT» партиясы облыстық филиалының атқарушы хатшысы Ләйлі Төрешова, Қазақстан Жазушылар

Одағының мүшесі, ақын Ғазиза Әбілдаева, Халықаралық айтыс ақындары мен жыршы-термешілер одағының мүшесі, жырау Марағат Сүгірбай қазылық етті.

Жыр бәйгесінің қорытындысы бойынша бас жүлдені Қазалы ауданы №70 мектептің 9 «А» сынып оқушысы Жанель Жеткерген, I орынды Жалағаш ауданы, З.Жарқынбаев атындағы №202 орта мектептің 5 «А» сынып оқушысы Салтанат Қожабек, II орынды Қармақшы ауданы №111 мектептің 7 сынып оқушысы Мәди Елден, Қызылорда қаласы, Абылайхан атындағы №140 қазақ орта мектебінің 5 «В» сынып оқушысы Аяна Оспан, III орынды Шиелі ауданы, Ғ.Мұхамеджанов



атындағы №270 қазақ орта мектебінің 6 сынып оқушысы, «Нартай өнер үйі» КМҚК мектебінің «Ақындар» үйірмесінің мүшесі Шыңғыс Қарынбай, Айсар Айдарбеков, Мағжан Амангелдиев иеленді.

Партияның облыстық филиалының атқарушы хатшысы Ләйлі Төрешова іс-шараның маңыздылығына тоқталып, жас ақындардың өнері мен талабына, жыр мүшәйрасындағы белсенділігіне алғысын білдірді.

ЖАСӨСПІРІМДЕР МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ

Қазалы ауданы әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы Жәнібек Алиевтің төрағалығымен аудан әкімдігі жанындағы көмектегі толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі аудандық комиссияның кезекті отырысы өтті.

Комиссияның күн тәртібінде – аудандық полиция бөлімінің ұсынысы мен көмектегі толмағандарға психологиялық, медициналық көмектердің ұйымдастырылуы мәселелері

қаралды.

Алдымен күн тәртібінде қаралған бірінші мәселе бойынша аудандық полиция бөлімінің жергілікті полиция қызметі ювеналды полиция тобының аға инспекторы Махаббат Бегалиева хабарлама жасады. Ал, аудандық емхананың психологы Сая Бактаева аудан бойынша көмектегі жасына толмағандарға психологиялық, медициналық көмектердің ұйымдастырылуы бойынша атқарылып жатқан жұмыстар туралы

атап өтті.

Баяндамашылардан кейін комиссия мүшелері күн тәртібінде қозғалған мәселелерді талқылап, оңтайлы шешімдер қабылдады. Сонымен қатар қаралған мәселелер бойынша өз ұсыныс-пікірлерін жеткізді.

Комиссия отырысын қорытындылаған Жәнібек Алмасұлы отырыста қаралған мәселелердің хаттамасын рәсімдеп, тиісті органдарға таратылуын тапсырды.



ӨНЕР ФЕСТИВАЛІ ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

Қызылордада төрт күнге созылған «JASFest–2025» студенттік көктем өнер фестивалі өз мәресіне жетті. Өңірдің колледж студенттері қатысқан бұл ауқымды шара жастардың шығармашылығын дамытып, өнерге деген құштарлығын ашуға және сахналық шеберлігін шыңдауға бағытталды.

Фестивальдің алғашқы күні «Popular Voice» байқауында қатысушылар эстрадалық және дәстүрлі әндер бойынша

өзара бақ сынасты. Екінші күні заманауи және ұлттық би жанрларын қамтыған «Dance» байқауы өтті.

Ал, үшінші күні мобилографтар сайысында жастар креативті ойларын, техникалық шеберліктерін танытса, төртінші күн театрландырылған көріністермен ерекшеленіп, көрермендерге ерекше әсер сыйлады. Фестиваль гала-концертінен қорытындыланып, барлық өнерпаздар марапатталып, үздіктер

анықталды.

Биылғы «Студенттік көктем – 2025» атағына Қызылорда жоғары көпсалалы колледжі ие болып, бас жүлдені жеңіп алды. Қалған қатысушы командалар да бағалы сыйлықтармен марапатталып, көтеріңкі көңіл-күймен тарқасты.

JASFest – жастардың жан-жақты дамуына, өнерге деген ынтасын арттыруға серпін берген маңызды шығармашылық алаңға айналды.

УРАН ӨНДІРУ ЖӘНЕ ӨНДЕУ КӘСІПОРЫНДАРЫНДА ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫНЫҢ САҚТАЛУЫ

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Қызылорда облысының Төтенше жағдайлар департаменті Өнеркәсіптік қауіпсіздік басқармасының негізгі бағыты - өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру және мемлекеттік бақылау мен қадағалауды, авариялар, оқыс оқиғалар кезінде туындайтын қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінің алдын алу болып табылады.

Баскармадағы Тау-кен өнеркәсі- бін және атом энергиясын пайдалану объектілерін мемлекеттік бақылау және қадағалау бөлімі - облыстағы тау-кен, геологиялық барлау жұмыс- тары және уранды өндіру және өңдеу кәсіпорындарында өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының сақта- луына мемлекеттік бақылау және қадағалау жүргізеді.

Департамент инспекторлары- мен 2025 жылдың I-жартыжылды- ғына арналған бақылау және қада- ғалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізу тізіміне байланысты «Қызылқұм» ЖШС-да

бақылау мен қадағалау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау және қадағалау жүргізілді. Профилактикалық бақылау және қадағалау барысында өнімді ерітінділерді өңдеу цехы, күкірт қышқылы қоймалары, аммиак селитрасы қоймасы, аммиак суы қоймасы, технологиялық сорғылар станциясы №1 және №2, өнімді ерітінді тұндырғышы, шаймалау ерітінді тұндырғыштары тексерілді. КР Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңнамалары талаптарына сәйкес бұзушылықтар анықталып, бұзушылықтарды жою туралы нұсқама берілді.

Бақылау мен қадағалау субъек- тісіне бару арқылы профилак- тикалық бақылау және қада- ғалау қорытындысы бойынша кәсіпорын басшыларымен және инженерлік-техникалық қызмет- керлер құрамымен анықталған бұзушылықтар талқыланып, қосымша қажеттілік туындаған жағдайда, бұзушылықтарды жою мерзімдерін ұзарту талап- тары түсіндірілді. Сондай-ақ, «Азаматтық қорғау» туралы ҚР Заңы, «Уранды геологиялық барлау, өндіру және қайта өңдеу кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары», «Иондаушы сәулелендіру көздерімен жұмыс істеген кезде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары», «Жүк көтергіш механизмдерді пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары», «Қысыммен жұмыс

істейтін жабдықтарды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары», «Компрессорлық станциялардың пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары» «Өнеркәсіптің химия саласындағы қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары» және «Мұнай-химия, мұнай өңдеу салаларындағы қауіпті өндірістік объектілер, мұнай базалары және автожанармай құю станциялары үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары» талаптары түсіндірілді.

Б. БҮРКІТБАЙ,
Қызылорда облысының
Төтенше жағдайлар
департаменті өнеркәсіптік
қауіпсіздік басқармасының бас
маманы

ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ – ҚОҒАМ ДАМУЫНЫҢ БАСТЫ ШАРТЫ

Сыбайлас жемқорлық – әлемнің көптеген елдерінде таралған күрделі әлеуметтік құбылыс. Ол мемлекеттік беделіне, экономикасына және азаматтардың құқығы мен бостандығына тікелей әсер етеді. Сондықтанда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – әрбір елдің дамуы мен өркендеуінің кепілі.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу дегеніміз – бұл сыбайлас жемқорлықтың туындауына жол бермеу, себептерін жою және оған ықпал ететін жағдайларды азайтуға бағытталған кешенді шаралар. Бұл тек жазалау емес, ең алдымен, қауіптің алдын алу, құқықтық мәдениетті арттыру, ашықтықты қамтамасыз ету деген сөз.

Алдын алу бағытындағы негізгі тетіктер:

- заңнамалық негізді жетілдіру – бұл КР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңы аясында азаматтардың құқықтарын қорғау, парақорлықтың жолын кесу және ашық мемлекеттік басқаруды қамтамасыз ету;
- цифрландыру және бюрократияны азайту -мемлекеттік қызмет- терді электронды форматқа көшіру (eGov) – адам факторы мен пара- корлықтың алдын алуға тиімді құрал. Бұл жүйе арқылы көптеген қызметтер автоматты түрде жүзеге

асатын болады;

- білім беру және тәрбие жұ- мыстары - мектеп пен ЖОО-ларда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мә- деннетті қалыптастыру өте маңызды. Адалдық, әділеттілік, заңға құрмет сынды құндылықтар жастардың санасына ерте жастан сіңірілуі қажет;
- қоғамдық бақылау мен ашық- тық - мемлекеттік органдардың қызметі ашық болуы тиіс. Халық тарапынан бақылау мен кері байланыс сыбайлас жемқорлықты болдырмауға септігін тигізеді;
- жауапкершілік пен жазалау - сыбайлас жемқорлықпен айналыс- қан тұлғаларға қатаң жаза қолдану – алдын алудың маңызды тетігі. Бұл қоғамда қорқыныш емес, заң алдындағы теңдік принципін орнық- тырады.

Осындай жұмыстарды жүзеге асыру және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында басқарма қызметкерлерімен атқарылатын

профилактикалық бақылау мен қадағалау жүргізу, жоспардан тыс тексерулер жүргізу, мемлекеттік қызмет көрсету барысында басқар- ма тарапынан әрбір өткізілетін іс-ша- ралар кезінде сыбайлас жемқорлық тақырыбындағы түсіндіру жұмыс- тары күн тәртібінде міндетті түрде қойылатындығын атап өткен жөн.

Осыған байланысты қызмет- керлер арасында КР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агент- тігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Қызылорда облы- сы бойынша департаменті және КР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті қызметкер- лерінің қатысуымен заң талаптарын түсіндіру бойынша кеңестер өткізі- ліп отырады. Басқарманың жұмыс жоспарларына сәйкес қызметкер- лермен сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық оқулар мен жина- лыстар өткізілуде. Осы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және болдырмау мақсатында депар- тамент арқылы көрсетілетін бар- лық мемлекеттік қызмет түрлері цифрландырылған. Яғни, мемле- кеттік қызмет түрлерінің барлығы цифрландыру аясында "электрондық

үкімет" www.egov.kz веб-порталы (оның ішінде е-лицензия) арқылы жүзеге асырылады. Бекітілген тізімге сәйкес бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау жүргізу, жоспардан тыс тексеру және т.б. жұмыстарға шығу барысында міндетті түрде нұсқамадан өтіп, түсіндірме жұмыстары жүргізіліп отырады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың ең негізгі және басты шарттарының бірі – профилактикалық жұмыстардың жоғарғы деңгейде атқарылуы.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес – бұл тек құқық қорғау органдарының ғана емес, барша азаматтардың ортақ ісі. Әрбір адам адалдықты ту етіп, заңға бағынатын болса, біз жемқорлықсыз жарқын болашаққа қадам баса аламыз. Алдын алу – ең тиімді әрі өркеннетті тәсіл. Сондықтан әділетті қоғам құру жолында әркім өз үлесін қосуы қажет.

А.АКИМНИЯЗОВ
Қызылорда облысының
ТЖД ОҚБ бөлім басшысы

Қызылорда қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 19 мамырдағы № 1973 қаулысы

Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 63-бабына және «Қызылорда облысы Қызылорда қаласының бас жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 шілдедегі № 1087 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 6 маусымдағы № 374 қаулысына сәйкес, сондай-ақ Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының тұрғын үй – коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 01-03/485 хатын қарап, Қызылорда қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Мемлекеттік емес жер пайдаланушы «Құрылыс – Көлік Компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жеке меншік құқығындағы Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, № 48 құрылыс мекенжайында орналасқан көлемі 74500,0 (жетпіс төрт мың бес жүз) шаршы метр гимаратқа қызмет көрсету үшін (кадастрлық нөмірі 10-156-001-3317) жер учаскесінен қажетті көлемі 1650,0 (бір мың алты жүз елу) шаршы метр бөлігін Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесінің бойын көркейту-қоғалдандыру үшін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2025 жылғы 21 тамыз болып белгіленсін.
- Жер учаскесінің меншік иесі жүгінетін орын Қызылорда қаласы, Қонысбек Қазантаев көшесі, № 43, № 13 кабинет болып белгіленсін.
- Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына жарияласын.
- Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскелерінің меншік иелерін ескертсін, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да қажетті шаралар қолданыс.
- Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.
- Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласының әкімі	Н. Ахатов
---------------------------	-----------

Постановление акимата города Кызылорда № 1973 от 19 мая 2025 года

О начале принудительного отчуждения земельных участков и лииного недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд

В соответствии со статьей 84 Земельного кодекса Республики Казахстан, со статьей 63 Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе» и Постановлением Правительства Республики Казахстан от 6 июня 2019 года № 374 «О внесении изменений в постановление Правительства Республики Казахстана от 17 июля 2009 года № 1087 «О генеральном плане города Кызылорды Кызылординской области», а также рассмотрев письмо коммунального государственного учреждения «Кызылординский городской отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог» акимата города Кызылорда № 01-03/485 от 29 апреля 2025 года, акимат города Кызылорда **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

- Начать принудительное отчуждение земельного участка для государственных нужд в связи с изъятием для благоустройства – озеленения вдоль улицы Бейбарыс Султан города Кызылорда у негосударственного землепользователя товарищества с ограниченной ответственностью «Строительно – Транспортная Компания» на праве частной собственности,расположенный по адресу: город Кызылорда, улица Бейбарыс Султан, строение № 48 (кадастровый номер 10-156-001-3317), необходимой площадью 1650,0 (одна тысяча шестьсот пятьдесят) квадратных метров с общей площадью 74500,0 (семьдесят четыре тысячи пятьсот) квадратных метров для обслуживания здания.
- Датой принудительного отчуждения определить 21 августа 2025 года.
- Местом обращения собственника земельного участка определить: город Кызылорда, улица Қонысбек Қазантаева, № 43, кабинет № 13.
- Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел общественного развития» акимата города Кызылорда в течении трех рабочих дней со дня принятия данного постановления опубликовать в средствах массовой информации.
- Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел сельского хозяйства и земельных отношений» акимата города Кызылорда уведомить собственников земельных участков, а также принять иные необходимые меры,предусмотренные законодательством Республики Казахстан.
- Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима города Кызылорда.
- Настоящее постановление вводится в действие со дня подписания.

Аким города Кызылорда	Н. Ахатов
-----------------------	-----------

Қызылорда қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 19 мамырдағы № 1974 қаулысы

Жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына,«Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 63-бабына және «Қызылорда облысы Қызылорда қаласының бас жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 шілдедегі № 1087 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 6 маусымдағы № 374 қаулысына сәйкес, сондай-ақ Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының тұрғын үй – коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 19 мамырдағы № 01-03/538 хатын қарап, Қызылорда қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Меншік иесі Рахметова Айгүль Доскалиевнаныңжеке меншік құқығындағы Қызылорда қаласы, Мүсіралі Әжіқожа көшесі, нөмірсіз учаске мекенжайында орналасқан көлемі 1000,0(бір мың) шаршы метр жеке тұрғын үй құрылысы үшін (кадастрлық нөмірі 10-156-092-814) жер учаскесін ойын алаңын салу және көркейту-қоғалдандыру үшін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2025 жылғы 21 тамыз болып белгіленсін.
- Жер учаскесінің меншік иесі жүгінетін орын Қызылорда қаласы, Қонысбек Қазантаев көшесі, № 43, № 13 кабинет болып белгіленсін.
- Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына жарияласын.
- Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскелерінің меншік иелерін ескертсін, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да қажетті шаралар қолданыс.
- Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.
- Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласының әкімі	Н. Ахатов
---------------------------	-----------

Постановление акимата города Кызылорда № 1974 от 19 мая 2025 года

О начале принудительного отчуждения земельных участков илииного недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд

В соответствии со статьей 84 Земельного кодекса Республики Казахстан, со статьей 63 Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе» и Постановлением Правительства Республики Казахстан от 6 июня 2019 года № 374 «О внесении изменений в постановление Правительства Республики Казахстан от 17 июля 2009 года № 1087 «О генеральном плане города Кызылорды Кызылординской области», а также рассмотрев письмо коммунального государственного учреждения «Кызылординский городской отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог» акимата города Кызылорда № 01-03/538 от 19 мая 2025 года, акимат города Кызылорда **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

- Начать принудительное отчуждение земельного участка для государственных нужд в связи с изъятием для строительства игровой площадки и благоустройства – озеленения у собственности Рахметовой Айгүль Доскалиевнына праве частной собственности,расположенный по адресу: город Кызылорда, улица Мусирали Ажиқожа, участок без номера (кадастровый номер 10-156-092-814), площадью 1000,0 (одна тысяча) квадратных метров для индивидуального жилищного строительства.
- Датой принудительного отчуждения определить 21 августа 2025 года.
- Местом обращения собственника земельного участка определить: город Кызылорда, улица Қонысбек Қазантаева, № 43, кабинет № 13.
- Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел общественного развития» акимата города Кызылорда в течении трех рабочих дней со дня принятия данного постановления опубликовать в средствах массовой информации.
- Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел сельского хозяйства и земельных отношений» акимата города Кызылорда уведомить собственников земельных участков, а также принять иные необходимые меры,предусмотренные законодательством Республики Казахстан.
- Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима города Кызылорда.
- Настоящее постановление вводится в действие со дня подписания.

Аким города Кызылорда	Н. Ахатов
-----------------------	-----------

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ – ҚОҒАМ ДАМУЫНА КЕДЕРГІ

Сыбайлас жемқорлық — бұл мемлекеттің дамуын тежейтін, халықтың билікке деген сенімін төмендететін аса қауіпті әлеуметтік құбылыс. Ол тек заң бұзушылық ғана емес, сонымен қатар ел болашағына төнген қауіп.


Бүгінде Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады. «Сыбайлас

жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң қабылданып, арнайы агенттік жұмыс істеуде. Мектептерде, жоғары оқу орындарында парасаттылық пен адалдықты насихаттау қолға алынып жатыр. Алайда заңнан бөлек, әр азаматтың ішкі мәдениеті, адалдығы мен жауапкершілігі — басты тосқауыл. Сыбайлас жемқорлықпен күрес тек мемлекеттің емес, барша қоғамның міндеті.

Әр адам пара бермеуді, заңды жолмен әрекет етуді өзінен бастауы тиіс.

Қоғамымызда ашықтық пен әділеттілік қағидаттарын нығайтсақ ғана, біз сыбайлас жемқорлықты жеңе аламыз.

Б. РАКИМБЕКОВ,
Қоғалықол ауылдық округі әкімі



СӘТБАЙ – БОХАЙ ЖОЛЫ

«Қарақұм» тарихи-танымдық экспедициясы негізінде кезіндегі ел аузындағы естелік әңгімелер, архивтік құжаттар (қаулылар мен хаттамалар) және XX ғасырдың 2-жартысындағы фотосуреттерге сүйеніп, Қарақұм даласында мал жайлаған көнекөз қариялардың көзін көрген, әңгімелерін естіген кісілермен сұхбаттасып, біраз кісілермен жүздесіп музей қызметкерлері тарапынан зерттеу жұмыстары жүргізілді. Мақсатымыз – Қарақұм даласындағы жер-су атауларының тарихы туралы деректер жинақтап, музей қор дерегін аңыз-әфсана, тарихи ақпараттармен толықтыру.

Ауданға қарасты Қармақшы ауылы бұрынғы Қармақшы совхозы 1970 жылдары қой шаруашылығын дамытып, жоғары жетістіктерге жеткен аудандағы іргелі совхоздың бірі болған. Совхоз 1976 жылы Қарақұм даласындағы Тышқантам деген жерге 2 қой фермасын орналастырып бірнеше отар-отар қой жайлаған. Совхоздың бір отар қойын баққан Мешітбай деген кісінің баласы Медетбай жас кезінде үлкендерден естіген әңгімесін біздің зерттеу жұмысымызға тұздық қылып айтып берген еді. Медетбай ағамыздың айтқаны өлкенімізге қатысты ел аузындағы Қармақшы ауданының шығыс солтүстік-шығыс беткейіндегі жер-су атауы туралы тарихи деректердің бірі болатын.

XIX ғасырда Ақмешіт қамалын басып алған қокандықтар қамалдың маңайындағы елдерді шауып маза бермей, алым-салық төлеп отыруға және салыққа қоса қыздарын да беруге мәжбүрлеп, қысым көрсетеді екен. Содан Сәтбай деген кісі «Бұлай болмайды, бұған бір амал жасап, қокандықтардың озбырлығын басу керек» деп орыс патшалығынан көмек сұрау керегін айтады. Ол уақытта орыс патшалығының Қазақ жерінде бекіністер салып, Орталық Азияны жаулап алу саясатын мақсат тұтқан кезі еді.

Сәтбай көзі ашық оқыған кісі болса керек, атбасы алтыны мен елден қаржы жинап, сый-

сияпатымен орыс патшасына барды. Патшаға еліндегі жағдайды айтып, мен тек елімнен қокандықтарды ығыстырып жіберсем болды деп әскеріне еш зиян, шығын келмейтініне сендіріп, әскер беруге көндіріпті. Сонда Патша бір генералын қару-жарағымен, екі мың атты әскерін береді. Ел жауда жатыр, тездетіп жету керек, қарулы қалың әскерді ертіп, күн-түн демей жүріп отырады. Ұзақ жүрістен шалдыққан әскердің біреуі генералға барып «Мына мұсылман сатқын. Бұл бізді алдап келе жатыр, біз демалмаймыз ба, атымызды суармаймыз ба, қырылатын болдық қой. Мұны өлтіріп тастап, кейін қайтайық, қашып кетті» деп айтармыз дейді. «Жоқ болмайды. Бұйрықты орындау керек, шыдайық» деп генерал басу айтады екен.

Қарақұм даласын жүріп өту үшін қалың құмды басып өту керек. Құмда табиғи ағын су жоқ болғандықтан, жер құдықтар қазып көміліп қалмас үшін бетін жауып кетіп отырады екен. Ал жер құдықтар тура жолдың бойларынан табыла бермейді, құмның арасында әр жерлерден қазылған. Елге тез жету үшін әскерді туралатып жүргізіп бастап келе жатқан Сәтбайға әскердің басысы әлгі генерал келіп «Ой, сен өзі бізді қайда алып бара жатысың? Мынау не су жоқ, ел жоқ. Бізге дұрыстап жөніңді айт, қане» деп қыспаққа алғанда, Сәтбай генералдан шамалы шыдауын сұрап, әскерді тағы біраз жүргізген екен. Сәтбай айтқан уақытындай жүргеннен кейін қараңғы түн болса керек, астындағы атынан түсіп жерді сипалап құдықтың бетін тауып қақпағын ашқанда, картасыз ми далада, оның үстіне қараңғы түнде құдықты тауып дәл үстіне түскеніне орыстар тан қалып, мына қазақ тегін емес деп Сәтбайдың жершілдігіне риза болыпты. Содан дйттеген жерге әскерді жеткізіп, бұрынғы Ақмешіт, қазіргі Қызылорда қаласының қасындағы Қарауылтөбе деген жерге орналастырып, зеңбірекпен атқылап қокандықтарды ығыстырып жіберген екен. Айтқаны айтқандай-ақ мақсатына

жеткен Сәтбай патшаға әскерін аман-есен бірде-бір шығынсыз қайтадан апарып табыстап, патшаның ризашылығын алып, құрметіне бөленіп, қонағы болып еліне қайтқан.


Сол уақыттарда өмір баки жол торып жүретін Бохай деген ұры Сәтбайдың патшадан қайтып келе жатқанын естіген, бұл Сәтбай патшаға әскерін еш шығынсыз қайтадан табыстады, не де болса көп олжаменен келе жатыр деген оймен жолын торида. Андып жатып, Сәтбайды кездескен жерінде атып өлтіріпті. Қалтасын қараса жиырма тиын ғана шыққан екен. Ол уақытта мұсылман адам қалтасына жиырма тиын немесе пышақ салып жүреді екен. Егерде дүзде жүргенде қапыда мерт болып жатса, сүйегін тауып алған адам бетімді жапса ақысы болсын деген ойменен. Сонда Бохай «қап, бекер істедім-ау» деп өкініп жиырма тиыны мен үстінде патшаның арнайы тігіп берген мондер костюм-шалбарын олжалап, Сәтбайды жасырып көміп кеткен.

Арада уақыт өткен. Патшаға әскерін қайтарып тапсыруға кеткен Сәтбай жоқ, ел халық оны іздеп патшадан сұрастырады. Патша Сәтбайдың қайтып кеткенін, үстіне арнайы тіктіріп костюм-шалбар кигізіп жібергенін айтады. Сәтбайды іздеушілер патшаның айтқанындай костюм-шалбарды Бохайдың ел арасында киіп жүргенін көріп, оны ұстап алып мойындатып, Сәтбайды жасырған жерін анықтайды да, сол жерде Бохайдың өзін де өлтіріп көмген.

Патшаның қалың екі мың атты әскері жүрген ізі тапталып, жол болып, Сәтбайды өлтірген, Бохай да осы жол бойында жерленгендіктен «СәтбайБохай» жолы деп ел аузында қалған екен. Кейінде бұл жолмен керуен жүріп үлкен күре жол болып, кешегі XX ғасырдың басына дейін болған. Көнекөз қариялардың айтуынша 1980 жылдары бұл жолдың сүрлеу болып ізі ғана көрініп жатқан деседі.

Әзірбек ІШІЯСБЕКҰЛЫ,
аудандық тарихи-өлкетану
музейінің ғылыми қызметкері

УЛЬТРАДЫБЫСТЫҚ ДИАГНОСТИКА: МӘМС ЖҮЙЕСІНІҢ АЯСЫНДА ҚОЛЖЕТІМДІЛІК



Қызылорда қаласындағы №3 емханада жоғары ажыратымдылықтағы УДЗ аппараты ауруларды ерте кезеңде анықтауға көмектеседі. МӘМС жүйесінің аясында ультрадыбыстық зерттеу қолжетімді әрі сапалы медициналық көмектің ажырамас бөлігіне айналды. Емханада үш УДЗ аппараты жұмыс істейді. Соның бірі – заманауи Samsung Medison HERA W10 құрылғысы. Бұл аппарат анық бейнелеуді және жетілдірілген визуализацияны қамтамасыз етеді.

– Аталған құрылғы арқылы жүктілік кезіндегі скрининг, жүрек, сүт бездері, барлық ішкі ағзалар бойынша зерттеулер жүргіземіз. Сондай-ақ, қатерлі түзілістерге күмін болғанды толық тексеру өткіземіз. Өмірен, МӘМС аясында ультрадыбыстық зерттеудің қолжетімді болуымен ауруларды ерте анықтау деңгейі артты. Бұл әсіресе әлеуметтік осал топтар үшін өте маңызды, – дейді УДЗ дәрігері Айнұр Тұрманова.



ӨНЕРІМЕН ДАНҚТЫ – ЕШНИЯЗСАЛ

Сыр Елі – Жыр Елі. Сырдың бойы сан қырлы тарихымен, жалынды жырымен, өнерлі халқымен, әуелеген ән-күйімен, шоқтығы биік шайырларымен танымал мекен.

Қазақ жеріне әлденеше рет келіп, әр келген сайын жаңа қырынан таныған өнерлі халықтың ән-күйімен, жырымен сусындаған Шоканның белгілі досы Потанин «Маған бүкіл қазақ даласы әндетіп тұрғандай көрінеді», - демеп пе еді! Бұл сөздің мағынасы өте зор. Өткен заманда шоқ жұлдыз болған сал серілер, әнші-жыраулар, суырып салма ақындарды еске алсақ уақыт өткен сайын өнерімен жарқырап тұлғалана түскендей. Сондықтан Сыр бойы көне заманнан бері талай оқиғаның кіндігі, өлең-жырдың ордасы болып келеді. Осындай қазақтың салдық-серілік дәстүрінде танымал болған ұлы өнер иесі Ешнияз Жөнелдіқұлы. Ешнияз Жөнелдіқұлы 1834 жылы Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, бұрынғы Қуандария болысында дүниеге келген. Кіші жүз, Кете руы, Құлыс аталығынан шыққан. Ешнияз ақын, әнші, сазгер, оның үстіне сал-сері болған. Халық ортасында Ешнияз сал деген атымен мәлім болған. Жасынан сауатты болған, жүрген жерінде ойын-тойды әнге, жырга бөлеп ақындық орта қалыптастырған. XIX ғ белгілі Базар жыраудан бастап Ермбет Көлдейбекұлы, Данмұрын Кенжебекұлы, Жүсіп Қадірбергеліұлы, Омар Шораяқұлы, Тұрымбет Салқынбайұлы, Әлиакпар Жұматайұлы, Жүсіп Ешниязұлы т.б. ақындар Ешниязды ұстаз тұтып, үлгі-өнеге алған. Күй атасы Құрманғазы Сыр бойына келгенде атағы осы өңірге кең жайылған Ешнияз салмен кездесіп дос болады. Ешнияздың «Ой, ой, Айтжан ай», «Г'өй – гой», «Жүрек сазы», «Дұрлараз», «Желдір мая», «Әуия» т.б. өлең жырлары халық арасында кең тараған. Қазақ әндерін зерттеуші А.Затаевич 1925ж Орынборда шыққан «Қазақтың мың әні» жинағына Ешнияз Жөнелдіқұлының 6 (алты) әнін енгізген. Сондай-ақ данқты бабамыздың терме толғаулары, тақпақ өсиет жырлары, хикая дастандары, көңіл қос, ғашықтық жырлары, айтыс өлеңдері көптеп саналады.

Өзі туралы өлеңінде:
Атаңдым Жөнелдіктің Ешниязы,
Еленбейді «серіліктегі» - естің азы.
Жарқын жаз жадыраған жастық дәуір,
Секілді Сырдың самал кешкі жазы.
Мен едім Ешниязы Жөнелдіктің,
Сейісіндей сындарлы сөз шеберліктің,
Жай-жаздай жас жеткен соң өзгерілді,
Болмай жүр бар қадары сенерліктің, - деп өзін маржан сөз, ұтымды ұйқас кесек жырларымен шебер таныстыра білгендей. Өз заманында белгілі ақындар Ешнияз сал шығармашылық өнерін жоғары бағалап, атақты өнерпаздар қатарына қосады.

Сыр бойының шайыры, белгілі ақын Жұматаев Әлиакпар ағамыз өзінің «Шежіре» атты жыр толғауында:

Ешнияз ерке туды Жөнелдіктен,
Өлеңнен кесте тікті жібек жіппен.
Ерлігі билігімен қатар болды,
Бахаста бас тартпаған ауыр жүктен, - деп жырлауында Ешнияз бабамыздың білімділігін, ел алдындағы жауапкершілігін, кісілік келбетін кейінгі ұрпаққа өсиет еткендей. Ешнияз салдың «Қадірлей біл қартынды» атты өлеңінде:

Балалық дәуір байқаусыз,
Өте шықты білінбей.
Оқи алмай ойынмен,
Бос қалдық қолға дым ілмей.
Сәдірмек келді сабылтып,
Ұлы жиын дүбірдей.
Өткіздік бастан оны да,
Жаманат жайға ілінбей.
Сөйтіп жүріп сырт беріп,
Жігіттік жетті жайнаған,
Көктемнің қызғылт гүліндей,
Кісілік келді керіліп.
Келген соң ол да кетпеді,
Көп уақыт қарайлап.
Қимайтын достың біріндей,
Маң-маң басып, жүгірмей.
Балалық жастық жігіттік,
Өте шықты бір күні.
Күз бен жаз, көктем күніндей.
Көз жазып қалдық олардан,
Керілік шіркін келді де,
Түнерген қыстың түріндей.
Келе сала құрығын,
Икемдеп кетті кем-кемнен.
Еске алып еңбек сіңірмей,
Сонда да болса сонғылар,
Естеріңе салғаным
Қадірлей біл қартынды.
Күдер үзіп түңілмей.
Керілік деген ғанибет,
Көлеңкелі күжімдей.
Бұтақтар оның патшасы
Түрленген гүлдей жүзімдей.

Тілдер тілек жетіліп,
Мезгілсіз миуан үзілмей.
Ендігі мақсат біздердің
Санаулы өмір бітсе де
Жөнелсек фәни жалғаннан
Жаманат ерген жандардың

Қатарына ілінбей, - деп жырлауы арқылы адам атаулыға, өсер ұрпаққа жақсылық тұғырында адами болмысын сақтап қалуды, қарттарын қадірлей білуді аманаттап, өткеніне тәубә деп, келешегінің кемел болуын арман еткендей. Ешнияз сал айтыс жанрында да ерекше ақындық қабілетімен танылады. Шынар қызбен айтысы, белгілі журналист ақын Мұхамбетжанның әкесі Сералы Қожамен айтысқан. Екеуі құрдас болған атақты әйел ақын Ырыстының жұмбағын шешуге қатысқан он алты ақынның бірі, әрі алғашқы шешу айтушы Ешнияз ақын болған.

Ырысты сұлудың жұмбағында:

Керуен түйен бар ма қос артқандай,
Қос артып, жүк түйесін босатқандай.
Өзін де қартқа басқан кісі екенсің,
Көріні бар ма амал жасартқандай?

Бұл жұмбақтың шешуін он алты ақынның алғашқысы болып Ешнияз сал:

Керуенмін түйем артып, келіп ем кез,
Кездестік жол үстінде сіз бенен біз.
Өзіндей нағыз сейіс қолға түссе,
Көрінің жасармағы бір сұлу қыз, - деп шешкен екен.

Ешнияз сал ақындық өнерімен, өнер табиғатындағы өлең сөзбен әсем саздың тоғысуы қазақ мәдениетіне қосқан телегей – теңіз рухани қазынамыз деуге болатын байлық. Өнерлі бабамыздың бойындағы киелі өнердің ұрпаққа берілуі ғажайып құбылыс. Кете Жүсіп, Мұзарап, Сабыт аталарымыз да атадан балаға мирас болған асыл мұраны жалғастырушылар. Ешнияздың баласы Кете Жүсіп пен Жұбанияз ақын айтысқанда:

Серілік мінезінен сенің әкең,

Аталған «Ешнияз сал» дәріпін шашып – деп Ешнияз салдың данқы көпке жайылған, кеңінен танылған ақын болғанын паш етеді. Ешнияз сал мен Кенекес айтысында да екі ақынның да батырлығымен, серілігімен танымалдығы байқалады. Қартайған шағында жазған Айтжан-ай өлеңінде:

Серілікті де мен қылдым биілікті де,
«Хан мен төре келді», - деп іліктік бе?
Дариядағы наһандай бұлқып-бұлқып,
Керіліктің ауына киіліктік бе – деген өлең жолдарын оқи отырып өзінің өмірлік мұратына еш өкінбейтіндігі, мәрттігі, қайсарлық келбетін көруге болады. Талантты бабамыздың бойындағы асыл қасиеттерінің ұрпақтарынан жалғастығын табуы да асқан ерекшелік қасиет.

Баласы Ешниязұлы Жүсіп 1871 жылы Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Тұрмағамбет ауылында дүниеге келген. Кіші жүздің Кете руынан болғандықтан халық Кете Жүсіп атап кеткен. «Шаһзада», «Сұр мерген», «Мекер қаты», «Зейіп қыз», «Бір қарт адам», «Барымта» дастандарын жазған. Кете Жүсіп айтыс ақыны болған. Белгілі ұлы ақындардың шығармашылық топтық айтыстарына қатысқан. Әсем әнімен, көркем шығармаларымен танымал болған ақын Кете Жүсіптің «Адамдық пен нағандық» өлеңінде:

Дүниеге кімдер келіп, кім кетпеген,
Табиғат-түбі терең қол жетпеген.
Өтерін өмірінің біле тұрып,
Мандайын пенде барма терлетпеген?
Баз біреу көп ақылға не болып,
Ауруын адамдықтың емдетпеген.
Ақылдың ауырлығы қорғасындай,
Көңілді бұзық іске өрлетпеген – деп адамдық істің өміршендігін көрсетеді. Киелі өнердің ұрпақтан ұрпаққа жалғасуы, атадан балаға берілуінің тағы бір дәлелі Мұзарап ағамыздың бойындағы ақындық, әншілік, поэзияға деген жанашырлық өміршен өлеңдерінен ойып орын алғандай. Мұзарап әкеміздің бойына қанмен келген қасиеттің өмірде шыңдалуы, өнерде кең қанат жаюы шайырлар мекеніндегі ұстаздары тарлан талант иелері Жиенбай, Тасберген, Омар, Тұрмағамбет аталарымыздың ықпалы деуге толық негіз бар. Өнер киесінің ұрпақтар сабақтастығы, ақындық, жыршылық қабілеттерінің өміршендігі бүгінгі ұрпаққа өлмес мұра, өшпес өнеге. Сыр бойы, Қармақшы мекені ақындық, жыраулық өнердің киелі мекені. Зерделі жандардың талантты бабаларымыздың заманелі сан қилы өткелдерінде ұрпақ тәрбиесі үшін халық жадында, тарих қойнында зерттеуді қажет ететін бай мұралары өте көп. Хал- қадірімше өз білгенімді жас ұрпаққа танытуды жөн көрдім. Себебі, қазақ тарихы, оны ішінде Сыр бойы халқының саңлақты сырлары көп зерттеуді, ізденуді қажет етеді. Өсер ұрпақ өткеннің қадірін білсін. Ұрпаққа таныту біздің міндетіміз.

З. ТАСЫМОВА,
ардагер ұстаз

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

Директор-Редактор
Егиншибаева Анар
Жақысбекқызы

Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Данияр Сұлтанбеков
Рысбай Кәрімов

Жауапты хатшы
Зибах ӘЛИ
8 705 982 76 61

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № КЗ36/ҰҰ00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті КР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – ғ, 19.10.2007 ж

Редакцияның
мекен-жайы:
Тоқмағанбетов
көшесі 36 а,
1 қабат 4 кабинет
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсыннов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты
Тел: 23-54-91

Қолжазба өңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Таралымы 9726 дана
Индекс 66503
Тапсырыс №102

E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
https://ret-gazeta.kz/